



КазМұнайГаз



CNPC

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ  
50 жыл тұрақты даму жолында  
50 лет АО «Мангистаумунайгаз». Постоянство в развитии.  
«Mangistaumunaigas» JSC 50 years anniversary. Sustainable development.



# Мұнайлы

# Өлке

Газет  
2009 жылдың  
01 мамырынан  
шығады

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының газеті

№09 (50), қыркүйек-қазан, 2013 жыл



**АҚ ЖОЛ,  
МАХАМБЕТ  
ЖОЛДАСҚАЛИҰЛЫ!**

**ІСКЕ СӘТ,  
БАҚЫТ  
АЛТАЙҰЛЫ!**


# АҚ ЖОЛ СІЗГЕ, МАХАМБЕТ ЖОЛДАСҚАЛИҰЛЫ, ҚОШ КЕЛДІҢІЗ, БАҚЫТ АЛТАЙҰЛЫ!



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары болып Иманбаев Бақыт Алтайұлы тағайындалды. Басқарманың жана мүшесін 24 қыркүйекте еңбек ұжымына «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының өндіріс және техникалық даму бойынша орынбасары Бимағамбетов Тимур Мұстахиұлы таныстырды. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының орынбасары қызметін атқарған Досмұхамбетов Махамбет Жолдасқалиұлы «Ембімұнайгаз» АҚ компаниясын басқаратын болды.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары Иманбаев Бақыт Алтайұлы таныстырды. «Иманбаев Бақыт Алтайұлы еңбек жолын Қаламақта бастап, кейін Жетібайда «Жетібаймұнайгаз» ӨБ басқарған. Сондықтан екі кенорының өндірістік қызметімен жете таныс. Бақыт Алтайұлы жоғары тәжірибелі, білікті маман, сондықтан ол «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-дағы жана қызметінде жұмысын жоғары деңгейде атқара алады деп сенімді түрде айта аламын» - деді Тимур Мұстахиұлы.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас



Кездесу басында Тимур Мұстахиұлы өз атынан және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы Сауат Мынбаевтың атынан Махамбет Жолдасқалиұлына жасаған еңбегі үшін алғысын білдіре отырып, ол жасаған еңбек жолында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ компаниясы үлкен жетістіктерге, көздеген мақсаттарға жеткендігін, Махамбет Жолдасқалиұлының тәжірибелі маман ретінде жана тағайындалған орнында әлі де алар асуы алда екендігін баса айтты. Сонымен қатар, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ компаниясының гүлденіп өсуіне үлкен үлес қосқаны үшін тағы бір мәрте алғыс білдіріп, еңбек жолына сәттіліктер тіледі.

Тимур Мұстахиұлы еңбек ұжымына

директоры Сунь Синъюнь мырза Махамбет Жолдасқалиұлына бірге жұмыс атқарғаны үшін үлкен ілтипат білдіре отырып, жаңа қызметіне сәттіліктер тіледі.

- Махамбет Жолдасқалиұлы біздің компания жұмысы жүйесінде 4 жыл еңбек етті, өз атынан, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ еңбек

ұжымы атынан Махамбет Жолдасқалиұлына өте жақсы атқарған еңбегі үшін алғыс білдіремін және «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Бас директоры болып тағайындалуымен құттықтаймын, - деді Сунь Синъюнь мырза.

Сунь Синъюнь мырза компанияның өсіп-көркеюі жолында атқарған адал еңбегі үшін Махамбет Жолдасқалиұлына құрмет грамотасын табыстап, естелікке ұлттық шапан мен бас киімді сыйға тартты.

Бұдан кейін сөзді Махамбет Жолдасқалиұлы Досмұхамбетов алды. «Маған көрсетілген, айтылған жылы лебіздеріңізге үлкен рахмет айтамын. Құрметті әріптестер, 4 жыл бірге атқарған еңбек жолында үлкен жетістіктеріге жеттік деп айта аламын. Алда да еңбектеріңізге табыс тілеймін. Сонымен бірге Бақыт Алтайұлының жана қызметіне сәттіліктер тілеймін» - деді.

Бақыт Алтайұлы өз кезегінде жиналғандарға көрсеткен құрметтері үшін алғыс білдіре отырып, Компанияның бұдан әрі өркендей түсетініне сенім білдірді. «Құрметті әріптестер, жүрежарды ыстық лебіздеріңізге рахмет! Мен үшін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ алар орны ерекше, мұнда 17 жылдан астам уақыт еңбек еттім, операторлықтан бастап, «Жетібаймұнайгаз» МГӨБ басшысы қызметін атқардым. Әлі де біріге отырып, еңбектенеміз, үлкен жетістіктеріге жетеміз деп сенемін. «ҚазМұнайГаз» АҚ басқармасына маған көрсетілген сенімдері үшін алғыс білдіремін. Осындай алпауыт компания басыларының бірі болу мен үшін үлкен мәртебе. Біз бәріміз бірге, Қытайлық әріптестермен бірлесіп отырып сәтті істер атқарамыз. Стратегияларды іске асыра отырып «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның, Қазақстан Республикасының гүлденуі жолында аянбай еңбек етеміз» - деді.

Бұл күні, сонымен бірге «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының өндірістік мәселелері жөніндегі орынбасары Қинов Қазыбек Кетебайұлы, Бас директордың геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары Чань Цюань, кәсіподақ комитетінің төрағасы Масатов Санатбай мырза, бұрғылау және ұңғыларды күрделі жөндеу бөлімінің басшысы Секербай Байманов мырзалар жана басыларға жылы сөздерін жеткізді.



Бақыт Алтайұлы Иманбаев 1963 жылы 23-қарашада Маңғыстау облысының Құрық кентінде дүниеге келген.

1985 жылы Қазақ политехникалық институтын «Мұнай ұңғымаларын бұрғылау» мамандығы бойынша, 2002 жылы Ш.Есенов атындағы мемлекеттік университетті «Мұнай және газ кенорындарын өңдеу технологиясы және оны кешенді механикаландыру» мамандығы бойынша бітіріп шықты.

Еңбек жолын 1991 жылы «Комсомольскнефть» (Қаламасмұнайгаз) мұнай және газ өндіру басқармасында мұнай және газ өндіру операторы ретінде бастады, кейін МГӨЦ мұнай және газ өндіру шебері, 1-дәрежелі технолог, бастықтың орынбасары, МГӨБ бастығы, эксплуатациялық жабылқтарды прокатты-жөндеу цехының бастығы, орталық инженерлік-технологиялық қызметін бастығы, «Маңғыстаумұнайгаз» ААҚ диспетчерлік қызметін бастығы қызметтерін атқарған. 2004 жылдан 2007 жылға дейін «Жетібаймұнайгаз» ӨБ басқарған.

2007-2008 жылдары - «Жалғыз-төбемұнай» ЖШС Бас директорының орынбасары.

2008-2011 жылдар аралығында - «Қазахойл Ақтөбе» ЖШС «ҚазМұнайГаз» ҰК тарапынан Техникалық директоры. 2011 жылдың қазан айында - «ҚазМұнайТенізі» ТМК» АҚ Ақтау қаласындағы филиалының Директоры қызметіне тағайындалды.

2013 жылдың ақпанынан - «ҚазМұнайГаз Барлау Өндіру» АҚ Бас директорының өндіріс бойынша орынбасары болып тағайындалып, «ҚазМұнайГаз Барлау Өндіру» АҚ Басқармасының мүшесі болып сайланды. 2013 жылдың 25 қыркүйегінде - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының Бірінші орынбасары қызметіне тағайындалды.

Жанұялы, екі бала тәрбиелеп отыр.

\*\*\*

Иманбаев Бақыт Алтаевич родился 23 ноября 1963 года в поселке Курьк Мангистауской области.

В 1985 году окончил Казахский политехнический институт по специальности - «Бурение нефтяных скважин», в 2002 году окончил государственный университет имени Ш.Есенова по специальности «Технология и комплексная механизация разработки нефтяных и газовых месторождений».

Трудовую деятельность начал в 1991 году с должности оператора по добыче нефти и газа нефтегазодобывающего управления «Комсомольскнефть» (Каламасмұнайгаз), затем работал мастером по добыче нефти и газа ЦДНГ, технологом 1-ой категории, заместителем начальника, начальником ЦДНГ, начальником прокатно-ремонтного цеха эксплуатационного оборудования, начальником центральной инженерно-технологической службы, начальником диспетчерской службы ОАО «Мангистаумұнайгаз». С 2004 по 2007 годы возглавлял ПУ «Жетібаймұнайгаз».

В 2007 - 2008 годах - заместитель Генерального директора ТОО «Жалғыз-төбемұнай».

С 2008 по 2011 годы - Технический директор со стороны НК «ҚазМұнайГаз» ТОО «Қазахойл Ақтөбе».

В октябре 2011 года - назначен на должность Директора филиала АО «МНК «ҚазМұнайТенізі» в городе Ақтау.

С февраля 2013 года - назначен заместителем Генерального директора по производству АО «Разведка Добыча КазМұнайГаз», избран членом Правления АО «Разведка Добыча КазМұнайГаз».

25 сентября 2013 года - назначен Первым заместителем Генерального директора АО «Маңғыстаумұнайгаз».

Женат, воспитывает двоих детей.



# МАҢҒАЗ ӨЛКЕНІҢ ДҮБІРЛІ ТОЙЫ



Маңғыстау облысының 40 жылдығы мен Ақтау қаласының 50 жылдығы кең көлемде тойланып өтті. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мерекелі шараларға белсене қатысты. 20 қыркүйек күні «Киелі мекен – Маңғыстау» деп аталатын театрландырылған шеруде компаниядан 70-ке жуық адам сапқа тұрды.



Жалпы жиырмадан астам басқарма мен мекеме қызметкерлері қатысқан мерекелік шеруді облыс әкімі мен қала қонақтары қарсы алды. Театрландырылған қойылымда Маңғыстау қазақтарының қоныстануынан

мереке – Маңғыстау облысының 40 жылдығы, Ақтау қаласының 50 жылдығы, Маңғыстау ауданының 85 жылдығымен жиналған қауымды құттықтады, барлық шараларды аралап, жиналған жамағатпен бірге тамашалады. Алыс-жақын шетел мен республикамыздың түкпір-түкпірінен келген қонақтар да көпшілік ортасынан табылды.

Мереке шымылдығын Карақия, Тұпқараған және Мұнайлы ауданының өнерпаздары ашты. Сахна төрінде көркем сөз шеберлері жүрекжарды өлеңдерін оқиса, жыршы-термешілер мен күйшілер қос ішекте күй төкті.

Жалпы, думанға жиналған көпшілік саны екі мыңнан асты. Сән-салтанатпен жабдықталған сексен бес киіз үйге мол дастархан жайылды. Сондай-ақ алаң тұсына тарих беттерінен сыр шертетін фотоқорме жұмыс жасалды. Арнайы жасақталған спорт алаңында сексен екі түйе палуан белдесіп, қорытындысында Ақтаулық палуан Сабыржан Қонаев мықтылығы мен еттілігінің арқасында үздік шығып, түйе палуан атанды. Ал, Мейрамбек Жанабай екінші орынды иеленсе, Асхат Аманов үшінші орынды қанағат тұтты. Жөнімпаздарға қаржылай сыйлықтар табысталды.



басталып, Есекмерген батырдың жетпірнақпен айқасы, оның айдаварды жеңгені баяндалды. Одан кейін, аймақтың игерілу тарихы, алғашқы құрылысшылардың келуі, ірі өндірістік мекемелердің іске қосылғаны туралы көрініс болды. Шеруге қатысушылардың киім үлгісі де тақырыпқа сай көрермендерді сонау жылдарға апарғандай әсер қалдырды. Кеңес Одағы жылдары мен еліміздің тәуелсіздік алуын бүгінгімен сабақтастырған шеруге жастар ғана емес, өлкенің түрлі саласының дамуына үлес қосқан еңбек ардагерлері қатысты. Шеру соңы жергілікті өнерпаздар мен эстрада жұлдызы Тамара Асар өнер көрсеткен концерттік шараға ұласты.

Облыстың 40, ару қала Ақтаудың 50 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келген тағы бір мереке ол – қара шаңырақ Маңғыстау ауданының – 85 жылдығы. Отпан тауда өткен шараға «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ арнайы автокөлік бөліп, екі киіз үй тікті. Қонақтарды қарсы алған Компанияның Бас директоры Сунь Синъюнь мырза бастаған топ, көпшілікті мерекемен құттықтап ақ тілектерін жаудырды.

Ұлы тойға қатысқан облыс әкімі Алик Айдарбаев өңір тарихынан орын алар айтулы



Мереке ат бөйгесімен өз жалғасын тапты. Сонау Талдықорған, Қостанай, Ақтөбе, Орал және Қызылорда қалаларынан атбегілер арнайы келген бөйгені соңғы кездері ұмытыла бастаған атандар жарысы

ауданының түйесі бірінші келді.

Токсанға жуық жүйрік қатысқан ат бөйгесіндегі аламанға барлығы отыз алты сәйгүлік он екі айналым бойынша қатысты. Отыз алты шақырмынан тұратын байрақты бөйгенін бас жүлдесі джип автокөлігі Бейнеулік Таңатаровтардың «Ақжайық» сөйгілігіне бұйырды. Ал, топтар қатардан лақап аты «Дубай» деп аталатын Ақтөбелік жүйрік «ВА3-21013» атоқөлігін қанжығасына байлады. Осылайша Қаратау жотасында екі күнге созылған мереке өз мәресіне жетті.



ашты. Маңғыстаудың маң-маң басқан бес атаны қатысқан бөйге көрермендер үшін қызықты болды. Жарыс ортасында жата қалып, жұртты күлкіге батырған алты шақырмыдық жарыста Маңғыстау







## «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылары Руководители АО «Мангистаумұнайгаз»




**Чеплаков Степан Федорович,**  
«Мангышлакнефть» өндірістік бірлестігінің 1964-1965 жж. бас директоры

**Чеплаков Степан Федорович,**  
Генеральный директор ПО «Мангышлакнефть» в 1964-1965 гг.




**Өтебаев Сафи Өтебайұлы,**  
«Мангышлакнефть» өндірістік бірлестігінің 1965-1971 жылдардағы бас директоры. 1909 жылғы 25 мамырда Гурьев облысы Қызылқоға ауданының Қарабуа ауылында туған. 1928-1930 жылдары Орынбор жұмысшы факультетін, 1931-1935 жылдары Баку мұнай институтын бітірген. КСРО еңбек сіңірген мұнайшысы, ҚР еңбегі сіңірген ғылым мен техника қайраткері.



**Утебаев Сафи Утебаевич,**  
Генеральный директор ПО «Мангышлакнефть» в 1965-1971 гг. Родился 25 мая 1909 года в ауле Карабуа Кызылқоғанского района Гурьевской области. В 1928-1930 году окончил рабочий факультет в Оренбурге, в 1931-1935 гг. – Бакинский нефтяной институт. Заслуженный нефтяник СССР, заслуженный деятель науки и техники РК.




**Тимонин Виталий Иосифович,**  
«Мангышлакнефть» өндірістік бірлестігінің 1971-1979 жылдардағы бас директоры. 1927 жылғы 26 қазанда Саратов облысы Ивантеев ауданының Липовка деревнясында туған. 1945-1951 жылдары Львов политехникалық институтын мұнай кен орындарын пайдалану жөніндегі тау-кен инженері мамандығы бойынша бітірген.



**Тимонин Виталий Иосифович,**  
Генеральный директор ПО «Мангышлакнефть» в 1971-1979 гг. Родился 26 октября 1927 года в деревне Липовка Ивантеевского района Саратовской области. В 1945-1951 гг. окончил Львовский политехнический институт по специальности горный инженер по разработке нефтяных месторождений.



**Дергачев Александр Алексеевич,**  
«Мангышлакнефть» өндірістік бірлестігінің 1980-1987 жылдардағы бас директоры. 1928 жылдың 5 қыркүйегінде Грозный қаласында туған. 1947 жылы Грозный мұнай техникумын, 1957 жылы Мәскеуде бүкілодақтық сырттай политехникалық институтты мұнай, газ кен орындарын пайдалану мамандығы бойынша бітірген.




**Дергачев Александр Алексеевич,**  
Генеральный директор ПО «Мангышлакнефть» в 1980-1987 гг. Родился 5 сентября 1928 года в городе Грозном. В 1947 году окончил Грозненский нефтяной техникум, в 1957 году – Всесоюзный заочный политехнический институт в г. Москве по специальности разработка нефтяных и газовых месторождений.



**Бекбосынов Нұрлыхан Өтеуұлы,**  
«Мангышлакнефть» өндірістік бірлестігінің 1987-1992 жылдардағы бас директоры. 1937 жылы 23 ақпанда туған. 1958 жылы Гурьев мұнай техникумын, 1969 жылы Ивановск энергетика институтын бітірген.



**Бекбосынов Нұрлыхан Утеуович,**  
Генеральный директор ПО «Мангышлакнефть» в 1987-1992 годах. Родился 23 февраля 1937 года. В 1955-1958 годах окончил Гурьевский нефтяной техникум, в 1964-1969 – Ивановский энергетический институт.



**Киннов Лязат Кетебайұлы,**  
«Мангистаумұнайгаз» өндірістік бірлестігінің 1992-1993 жылдардағы бас директоры. 1949 жылы Мангыстаудың Тауық кентінде туған. 1972 жылы Қазақ политехникалық институтын тау-кен инженері, геология және мұнай-газ кен орындарын барлау мамандығы бойынша бітірген. Белгілі мемлекет қайраткері.



**Киннов Лязат Кетебаевич,**  
Генеральный директор ПО «Мангистаумұнайгаз» в 1992-1993 гг. Родился 7 декабря 1949 года в поселке Тауык Мангистауского района. В 1972 году окончил Казахский политехнический институт по специальности горный инженер, геология и разведка нефтяных и газовых месторождений. Видный государственный деятель.




**Марабаев Нәсіпқали Әбуғалиұлы,**  
«Мангистаумұнайгаз» өндірістік бірлестігінің 1993-1995 жылдардағы бас директоры. 1937 жылдың 20 желтоқсанында Гурьев қаласында туған. 1959 жылы Мәскеудің мұнай-химия институтын тау-кен инженері мамандығы бойынша бітірген. Белгілі мемлекет қайраткері.



**Марабаев Нәсіпқали Әбуғалиевич,**  
Генеральный директор ПО «Мангистаумұнайгаз» в 1993-1995 гг. Родился 20 декабря 1937 года в городе Гурьеве. В 1959 году окончил Московский институт нефти и химии, горный инженер. Видный государственный деятель.




**Салихов Мәшһәп Хәліелұлы,**  
«Мангистаумұнайгаз» ААҚ 1995-1997 жылдардағы президенті. 1947 жылы 28 тамызда Гурьев облысы Жылой ауданының Қараарна ауылында туған. 1970 жылы Уфа мұнай институтын мұнай, газ кен орындарын пайдаланудың технологиясы және кешенді механизациялау мамандығы бойынша бітіріп шыққан.



**Салихов Мәшһәп Хәліелович,**  
Президент ОАО «Мангистаумұнайгаз» в 1995-1997 гг. Родился 28 августа 1947 года в ауле Караарна Жилойского района Гурьевской области. В 1970 году окончил Уфимский нефтяной институт по специальности технология и комплексная механизация разработки нефтяных и газовых месторождений.




**Қырымқұлов Сағын Ерқасұлы,**  
«Мангистаумұнайгаз» АҚ 1997-2008 жж. бас директоры. 1940 жылдың 3 наурызында Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданының Қараманды ауылында туған. 1967 жылы Қазақ политехникалық институтын геология және мұнай, газ кен орындарын барлау мамандығы бойынша бітірген. Қазақстан Республикасы жер қойнауларының құрметті барлаушысы.




**Қрымқұлов Сағын Ерқасович,**  
Генеральный директор АО «Мангистаумұнайгаз» в 1997-2008 гг. Родился 3 марта 1940 года в ауле Караманды Мангистауского района Мангистауской области. В 1967 году окончил Казахский политехнический институт по специальности геология и разведка нефтяных и газовых месторождений. Почетный разведчик недр Республики Казахстан.



**Қарабалин Узакбай Сүлейменұлы,**  
«Мангистаумұнайгаз» АҚ 2008 – 2009 жылдары бас директор қызметін атқарды. 1947 жылдың 14 қазанында Атырау облысы Жылой ауданының Қосшағыл елдімекенінде дүниеге келген. 1970 жылы И.М.Губкина атындағы Мәскеу мұнайхимиялық және газ өнеркәсібі институтын тау-кен инженері мамандығы бойынша бітірген, техникалық ғылымдар кандидаты. Белгілі мемлекет қайраткері.



**Қарабалин Узакбай Сүлейменұлы,**  
Генеральный директор АО «Мангистаумұнайгаз» в 2008-2009 гг. Родился 14 октября 1947 года в поселке Косчағыл Жылойского района Атырауской области. В 1970 году окончил Московский институт нефтехимической и газовой промышленности им. И.М.Губкина, горный инженер, кандидат технических наук. Видный государственный деятель.



**Құрбанбаев Мұрат Ізбергенович,**  
«Мангистаумұнайгаз» АҚ 2009 жылғы бас директор қызметін атқарған. 1950 жылдың 10 қыркүйегінде Атырау облысы Маңғыстау ауданының Жармыш селосында туылған.




1972 жылы В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын инженер-технолог мамандығы бойынша бітірген.

**Құрбанбаев Мұрат Ізбергенович,**


Генеральный директор АО «Мангистаумұнайгаз» в 2009 году. Родился 10 сентября 1950 года в селе Жармыш Мангистауского района Атырауской области.



**Айдарбаев Алик Серікқұлы,**  
«Мангистаумұнайгаз» АҚ 2009-2011 жылға дейін бас директор қызметін атқарды. 1963 жылдың 19 мамырында Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Александровка селосында туылған.




1985 жылы В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «технология және мұнай газ кенорындарын кешенді өлеу» мамандығы бойынша аяқтаған. Техникалық ғылымдар кандидаты, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының корреспондент-мүшесі, Қ. Сәтпаев атындағы ҚазМТУ құрметті профессоры.



**Айдарбаев Алик Серикович,**  
Генеральный директор АО «Мангистаумұнайгаз» в 2009-2011 гг. Родился 19 мая 1963 года в селе Александровка Еңбекшіказахского района Алматинской области. В 1985 году окончил нефтяной факультет Казахского политехнического института им. В.И.Ленина по специальности «технология и комплексная разработка нефтяных и газовых месторождений». Кандидат технических наук, член-корреспондент Национальной инженерной академии РК, почетный профессор КазНТУ им. К. Сәтпаева.



**Мағауов Әсет Мәратұлы,**  
2011 жылдың сәуір айынан бастап 2012 жылдың қазан айы аралығында «Мангистаумұнайгаз» АҚ бас директоры.



1972 жылы 28 қарашада Атырау облысының Құлсары кентінде туылған. 1994 жылы Губкин атындағы мемлекеттік мұнай және газ институтын экономика және отын-энергетикалық кешені саласын басқару мамандығы бойынша тәмамдаған.



**Мағауов Әсет Мәратович,**  
С апреля 2011 года по октябрь 2012 года генеральный директор АО «Мангистаумұнайгаз».

Родился 28 ноября 1972 года в поселке Кульсары Атырауской области.

В 1994 году окончил государственную академию нефти и газа им. Губкина по специальности экономика и управление в отраслях топливно-энергетического комплекса.




**СУНЬ СИНЬЮНЬ**  
«Мангистаумұнайгаз» АҚ Бас директоры  
Сунь Синъюнь 1967 жылы 30 қаңтарда ҚХР Синцзянь провинциясында дүниеге келген.

1987 жылы Хуадун мұнай және газ институтын «Мұнайгаз жобалары бойынша инженер» мамандығы бойынша бітірген. 1990 жылы Пекин мұнайгаз университетін бітіріп, инженерлік ғылымдар магистрі дәрежесін алды. 1993 жылы желтоқсан айында АҚШ Техас Ұлттық университетіндегі ЕМВА курсының өтті.

2009 ж. бастап – «Мангистаумұнайгаз» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары.

2012 ж. қарашасынан бастап – «Мангистаумұнайгаз» АҚ Бас директоры.



**СУНЬ СИНЬЮНЬ**  
Генеральный директор АО «Мангистаумұнайгаз»  
Родился 30 января 1967 года в провинции Синцзянь КНР. Окончил в 1987 году Хуадунский институт нефти и газа, по специальности «инженер по нефтегазовым проектам». В 1990 году окончил Пекинский нефтегазовый университет, получил степень магистра инженерных наук. В декабре 1993 года прошел курсы ЕМВА в Техасском национальном университете США. С 2009 г. – первый заместитель Генерального директора АО «Мангистаумұнайгаз». С ноября 2012 г. – Генеральный директор АО «Мангистаумұнайгаз».

## Салалық кәсіподақ құрылды

2013 жылғы 18 қыркүйекте Астана қаласында «Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің құрылтай жиналысы өтті. Жиналысқа «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобына кіретін барлау, өндіру, мұнай және газ тасымалдау, мұнай өңдеу, сонмен қатар сервис салаларында қызмет атқаратын кәсіпорындар кәсіподақ бірлестіктерінің өкілдері қатысты. Сонымен қатар форумға КМГ еншілес мекемелері және жекелеген республика өңірлерінде қызмет ететін өндірістік құрылымдарының кәсіподақ жетекшілері келді.

Құрылтайға қатысушылар қоғамдық бірлестіктің жарғысын бекітіп, бірлестік төрағасын, орталық кеңес және бақылау-тексеріс комиссиясының мүшелерін тағайындады. Жиналыс барысында бақылау-тексеріс комиссиясының ережесі, бөлімше құрылымы, бастауыш мекемелер және мүшелік жарна мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар, құрамына 10 облыстық, Астана және Алматы қалалық бөлімшелері кіретін салалық кәсіподақтың ұйымдастырушылық құрылымы бекітілді.

Мұнай-газ кешені қызметкерлері салалық кәсіподағының Төрағасы болып «ҚазМұнайГаз» УҚ АҚ Әлеуметтік саясат және қоғаммен байланыс департаменті директорының орынбасары Сұлтан Қалиев тағайындалды.

Ендігі кезекте қоғамдық бірлестік ресми тіркеуді қажет етеді.

«ҚазМұнайГаз» УҚ» АҚ баспасөз қызметі

## Создан отраслевой профсоюз

18 сентября 2013 г. в г. Астане состоялся учредительный съезд Республиканского общественного объединения «Отраслевой профессиональный союз работников нефтегазового комплекса» с участием представителей профсоюзных объединений предприятий группы компаний «КазМұнайГаз», занимающихся разведкой, добычей, транспортировкой нефти и газа, нефтепереработкой, а также работающих в сервисном секторе. На форум в столицу прибыли профсоюзные лидеры дочерних организаций КМГ и их производственных подразделений, действующих в различных регионах республики.

Участники съезда утвердили устав общественного объединения, избрали председателя, центральный совет и контрольно-ревизионную комиссию, рассмотрели положения о контрольно-ревизионной комиссии, о филиале, о первичной организации и о членских взносах. Кроме того, утверждена организационная структура отраслевого профсоюза, которая включает 10 областных филиалов, а также городские – в Астане и Алматы.

Председателем Отраслевого профессионального союза работников нефтегазового комплекса избран Сұлтан Қалиев, заместителем директора департамента по социальной политике и связям с общественностью АО НК «КазМұнайГаз».

Теперь республиканское общественное объединение ожидает процедура официальной регистрации.

Пресс-служба АО «НК «КазМұнайГаз»

## ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ШАРАСЫНЫҢ БАҒАСЫ «ЖАҚСЫ»

16-17 қыркүйек күндері Қаламқас пен Жетібай кенорындарында «Нысандардағы өрті сөндіру амалдары мен тәсілдері, өрте орған ғимараттан адамдарды құтқару амалдары» атты жаттықпа-машықтану жұмысы өтті. Аталмыш шараның бастамашысы «Маңғыстау мұнайгаз» АҚ маркетинг және мұнай өткізу департаменті болды.



Сценарий бойынша жанармай құятын бекеттердің біріндегі бокста шартты өрт орын алып, өртеніп жатқан ғимаратта ЖҚБ (Жанармай Қуя Бекеті) жұмысшыларының бірі қалып қояды. Бекет операторлары тұтанған өрті көріп жедел түрде өрт сөндіру қызметі мен медициналық-санитарлық бөлімге телефонмен хабарлайды және қатты дауыс байланысымен ЖҚБ барлық автокөлік жүргізушілерін жашай эвакуациялау туралы хабарлар етеді. Өрт сөндірушілер келгенше операторлар электр энергиясын өшіріп, қоліктерді эвакуациялауды басқарады. Сондай-ақ, өрт сөндірудің алғашқы амал-тәсілдеріне көшеді.

Санаулы минуттардан кейін төтенше оқиға орнына өрт сөндірушілер мен жедел жәрдем бригадасы жетеді. Жаттықпа-машықтану жұмысы барысында оқиға орнына келудегі жылдамдық, өрте қарсы құрылыстарды шығаруға кеткен және өрт толықтай өшірілген уақыттар ескерілді. Айта кететін жайт, өртен күресушілер тұтанған оттың өршіп кетуіне жол бермей, лезде ауыздықтан, мейірікелер жәбірленушіге шапшаң алғашқы көмек көрсетті.

- Қаламқас пен Жетібайда болған жаттығу-машықтану жұмысы ойғадай өтті деп ойлаймын, - делі маркетинг және мұнай өткізу департаментінің жеткізу бөлімінің басшысы Бахытжан Сүлейменов. -

Барлық қызметтер оқыс оқиға орнында өзара әрекет пен түсіністік білдіріп, жақсы жақтарынан көрінді. Басты мақсат - қызметкерлерді қауіпті де оқыс жағдайға тәжірибелік тұрғыда дайындау. Біздің жұмысшыларымыз әрдайым өздерінің тәжірибелік білімдерін шыңдап, дамытып отырады. Қағаз жүзінде төтенше жағдайда: өрті қалай өшіру, адамдарды қалай құтқару, алғашқы жәрдем беруді білу бір бөлек те, іс жүзінде тәжірибелік өту бір басқа. Міне, сондықтан, біз осындай шараны өткізуге бастама көтергеніміз де сол себептен. Былғыз жаттығу-машықтану жұмысы осымен екінші рет өткізіліп отыр. Негізінен мынаыды таптырмалардың бірі болып қауіпті жағдайды туғызбау, «өрті өшіргеннен оны алдын-алған дұрыс» деп бекер айтпаған ғой. Сондықтан біздің қызметкерлеріміз әрдайым жұмыс орындарын тиісті күйде қауіпсіздік техникаларын сақтай отырып ұстауы қажет. Егер төтенше оқиға орын алған жағдайда, бастысы - адамдарды құтқару болып табылады. Ешкім жазатайым болып немесе зақымданбауы қажет. Бұл біздің басты мақсатымыз!

Ескере кететін жайт, осыдан үш жыл бұрын ЖҚБ тексеру барысында ТЖ мамандарымен 30 нұсқама беріле, 2011 жылы - 6, 2012 жылы - тек бір нұсқама болды (ЖҚБ күзетшісінің қызметтік куәлігі болмаған).




## Әріптесіміз «Сәулетті Ақтауым» қалалық фотосурет байқауының II дәрежелі жүлдесін жеңіп алды



Маңғыстау облысының 40 жылдығына, Ақтау қаласының 50 жылдығына арналған мерекелік шаралар аясында өткізілген «Сәулетті Ақтауым!» атты қалалық фотосурет байқауы «Автокөлікті Ақтау», «Төрт аяқты бауырлар», «Ақтау – этно», «Спортты Ақтау», «Балалар», «Қоңұлтты Ақтау», «Балалар түсірген фотосурет», «Менің қалам, қошем, аула», «Тысым Ақтау»,

«Күтпеген жерден» (әзіл), «Фантастикалық Ақтау», «Тарихи Ақтау» номинациялары бойынша ұйымдастырылды. Шараға қатысып, белсенділік танытқаны үшін әріптесіміз Айтбаев Ербол Бисенбайұлы «Күтпеген жерден» номинациясы бойынша Ақтау қалалық әкімшілігінің II дәрежелі дипломымен марапатталды. Ақтау қалалық әкімдігі мен Абай атындағы МДК ұйымдастырған фотобайқауға әуесқой және кәсіпқой фотосуретшілер қатысып, жеңімпаз атанған авторлардың фото туындылары Абай атындағы МДК-нің кортында көрмесінен, баспа және электрондық БАҚ-да және буклеттерден орын алды. Жеңімпаздар бағалы сыйлықтар және дипломдармен марапатталды.





# ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

## 55 жас

- Дауленова Рахилаш Меңдіғалиқызы – 01 қазан, ӘМЖӨДД, 3-разрядты тоназытқышты қондырғы машинисі
- Мұқатов Сәуле Жігерқызы – 09 қазан, ҚД, аға кассир
- Майланова Роза Қолпашқызы – 16 қазан, ӘМЖӨДД, өндірістік және қызметтік жайларды жинастырушы
- Ерходжаева Шекер Саламатқызы – 02 қазан, МАӨЦ, түз бен судан айыру қондырғысының операторы
- Қасмағанбетова Зауреш Ербөлекқызы – 01 қазан, ТҮПЦ, қызметші

## 50 жас

- Анесов Мергенбай Балапашұлы – 01 қазан, ҚД, көлік жүргізушісі
- Молдаш Саханұлы - 01 қазан, ААТЖБД, есептеу орталығының технигі
- Ши Чанфу – 11 қазан, АРБД, департамент директоры
- Гибатуллин Раниль Рашидович – 12 қазан, ГЖКПД, бөлім бастығы
- Жарылғасова Ақбілек – 14 қазан, ӘМЖӨДД, санитар
- Екібаева Жаннат Егізбайқызы – 15 қазан, ТҚЕЖҚОҚД, қызмет бастығы
- Исамбай Асан – 15 қазан, ӨД, слесарь-жөндеуші
- Киматова Мәншүк Меңдіханқызы – 15 қазан, ҚД, топ жетекшісі
- Әлібеков Асқар Бекеұлы – 16 қазан, ҚД, көлік жүргізушісі
- Кравцов Станислав Юрьевич – 27 қазан, САЖМТЖД, электргаздәнекерлеуші
- Көкқозов Күмісали Тезекбайұлы – 30 қазан, ӨД, электргаздәнекерлеуші
- Сарбала Нұржамал – 13 қазан, ТҮПЦ, үтіктеуші
- Есқуатов Аманжол Балабайұлы - 21 қазан, ПҚЖПЦ, 6-разрядты құбырсалғыш машинисі
- Атшыбаев Болат Әскербайұлы – 01 қазан, МЖӨЦ-3, мұнай және газ өндіру операторы
- Қырықмылтық Қалдар – 15 қазан, ПҚЖПЦ, тазартушы
- Досатов Нұрбек Шаңғытбайұлы – 16 қазан, МӨДТЦ, газ дайындау шебері
- Бисенғалиев Нұрбай Жеткізгенұлы – 21 қазан, ПҚЖПЦ, цех шебері
- Жолжанов Қадірбек Құрамбайұлы – 30 қазан, МЖӨЦ-4, слесарь-жөндеуші

# ЖАС ҚАЛА

*Толқиды Каспий көк, зеңір шексіз аспандай,  
Асу толқына мүмкін бе қарау жасқанбай.  
Арудай арбап, қол созып тұрған Ақтауға,  
Қарт Каспий тулап шашуын шашып жатқандай.*

*Сарайлар зәулім заңғар көкпенен таласқан,  
Көшесі тірлік толқындай асып баратқан.  
Достықтың мәңгі, ортаймас бақыт мекені,  
Ақтауымыз өзің қалдайғар ием жаратқан.*

*Қ-сы  
Бақыт толы әр ай, күн,  
Арманыма байаймын.  
Жаса мәңгі жас қалам,  
Жаңа қадам бастаған.*

*Жарастық қандай тарқатып өрген бурымдай,  
Соғады самал Қашаған ақын жырғандай.  
Көк терезінің жапырағының сылдыры,  
Бой жеткен қыздың боз балаға айтқан сырғандай.*

*Ғашықпын саған, асықпын саған ардағым  
Мәпелеп баптап ұшырған көкке саңлағым.  
Сымбатың ерен, өзіңнен көрем Ақ қалам,  
Бабаларымның көкірек жырды арманым.*

*Қ-сы  
Бақыт толы әр ай, күн,  
Арманыма байаймын.  
Жаса мәңгі жас қалам,  
Жаңа қадам бастаған.*

*Сөзі Кеңес Шоқандікі  
“ОТК” ЖШС күзетшісі,  
Әні Қожағали Қанапәткікі  
“ОТК” ЖШС жүргізушісі.*

## Сіз білесіз бе?

Мұнай тарихы

- 1974 жыл. Мұнай экспортының мүмкіндіктерін ұлғайтқан «Дружба-2» мұнай құбыры пайдалануға берілді.
- 1974-1975 жылдар. Батыс елдері ауыр экономикалық дағдарысты бастан өткеруде. КСРО мұнай сағудан аса қоматы пайда тауып отыруда.
- 1975 жыл. АҚШ Конгресі экономикасын алда болуы мүмкін экспортталатын мұнайға деген басыбайлықты азайту үшін, стратегиялық мұнай қорын құруға шешім қабылдайды. Елде мөлшері 700 млн. баррельге бағаланатын мұнай қорлары құрылады.
- 1979 жыл. Саяси оқиғалар мұнай бағасының шарықтап өсуіне алып келуде. Ирандағы Ислам революциясы, Садам Хусейннің билік басына келуі, Ирактың Иранға шабуыл жасауы және басқа да оқиғалар мұнай бағасының барреліне 13 доллардан 34 долларға дейін өсіп кетуіне алып келді.
- 1981 жыл. МЭЕУ елдері 1978 жылмен салыстырғанда мұнай өндіру көлемін төрттен бір шамаға төмендетті. Осының әсерінен мұнай бағасы екі еселенді.
- 1982 жыл. МЭЕУ елдері алғаш рет мұнай өндіруге квота тағайындады.
- 1984 - 1987 жж. Ирак пен Иран арасындағы «танкерлі соғыс». Соғысушы елдердің авиациясы мен әскери-теңіз флоты мұнай кәсіпорындары мен танкерлерге шабуыл жасады. 1987 жылдың шілдесінде АҚШ әскери-теңіз флоты танкерлерді қарауылдап алып жүру үшін «EarnestWill» операциясын бастады.
- 1988 жыл. Тарихтағы орасан зор оқиға болған мұнай платформасындағы апат: Солтүстік теңіздегі британдық «PiperAlpha» отқа оранды. Платформадағы 228 адамның 167-сі қаза тапты.
- 1989 жыл. БҰҰ бітістірушілігімен Ирак пен Иран атысты тоқтату туралы келісімге қол қойды.
- 1989 жыл. Аляска жағалауында тарихтағы ең ірі оқиға – «ExxonValdez» мұнай танкерінің апаты орын алды. Мұхитқа 250 мың баррелден астам мұнай шикізаты төгілді. Нәтижесінде екі мың километрден астам жағалай ластанды.
- 1990 жыл. Ирак Кувейтті жаулап алды. Әлемдік мұнай бағасы екі есе шарықтап, баррель 36 долларға жетті.
- 1991 жыл. Одақ әскерлері Кувейтті азаттады. Кейін шегінген прахтықтар кувейттік мұнай ұңғаларды ортеке орады. Осылайша соғыс - 4 млн. баррель мұнай Парсы шығанағына төгілген орасан зор экологиялық апатқа әкеліп соқты. КСРО ыдырап, бұрынғы кеңестік республикалардан мұнайды экспорттау күрт төмендейді.

## МАҢҒЫСТАУ ӘЗІЛДЕРІ

### Көз тиген

Откен заманда атақты домбырашы Арал Жыңғылдыла шонай руының қырық баласын жинап домбыра үйретіп, әдейі мектеп құрған. Сол кезеңде бірнеше ерен күйшілер шығып, шонай енішге домбыра алған деген сөз тараған.

Сол домбырашылардың бірі керемет күйшілігі болмаса да, мақтаншастау екен. Бірде оқас қимылдан ба, қолы ауырып жүрген көрінеді. Сонда әлдеқандай болып:

- Осы менің қолдарыма көз тиіп жүр, - деп даңдайсыңы. Сонда Арал күліп:
- Шырағым, саған көз тисе, ана Нәби, Шамғұл, Төлеубек, Тұрарбек, Атанұттарлар неғып қырылып қалмай жүр, - деген екен. Айтқандары елге аты шыққан шебер домбырашылар болды.

### Галстук таққан түйе

Маңғыстаудың Таушық мекенінде Өтелген Жайлиев деген құақы кісі өтті. Бірде соның бір түйесі жоғалып кетіп, іздеуге шығады. Жол бойымен келе жатса, бір орыс шофер айдап келе жатқан машина кездеседі. Соны тоқтатып, түйесін сұрайды. (Бұл да оның қулығы, әйтпесе былай адам орыстан түйе сұрар ма?)

- Вы мой верблюд виденли?
- Орыс күліп:
- Вот ты интересный человек, откуда у твой верблюд знаю? - дейді.
- Но мой верблюд такой известный, - деп қояды Өтелген.
- Чем он известный? - деп орыс қарқ-қарқ күледі. Ал түйенің мойнында қарғысы және үстінде жабуы бар көрінеді. Соны Өтелген былай түсіндіреді:
- Мой верблюд с галстуком и при зимней форме оделды!

Орыс күлгеннен машинасынан құлап қала жаздайды. Ойшармай-ай, өмірінде өзі галстук тақпаған мына қазақ түйесіне галстук байлағанба? Кімнің қысқы формасы дейді. Не, түйенің басына құлақшын, аяқтарына байпақ кигізіп қойды ма екен? Ха-ха-ха! Орыс Өтелгенді ұнатып, кабинасына отырғызып алады. Екеуі жүріп келе жатыр.

Бір кезде жолдың жақтауында жабуында батпаған «Өтелген» деген жазуы бар түйе кездеседі.

- Вот мой верблюд! - деп Өтелген қуанып кетеді. Шофер түйенің үстіндегі жазуды оқып:
- Что, его Өтелген зовут? - деп сұрайды.
- Не-е! Өтелген - это я! А для верблюда - это фамилия. Он мой верблюд, я папа! - деп Өтелген кеудесін соғатын көрінеді.

Не керек, сол жерде екеуінің әңгімесі, күлкісі жарасып, табылған түйені жуып, бір жартылық ішкен дейді.

### Сабақта бір гасыр болмаған

Мектепте тарих пәнін оқытатын Түгелбай деген мұғалімнің сабағына бір бала қон күн қатыспапты. Оқу ісінің менгерушісі: «Ол қай күннен бастап қатыспады?» деп сұрса, Түгелбай:

- Исатай мен Махамбеттің көтерілісі басталған күннен бері, - деп жауап берген.

### Варенье, баран

Ауданға жоғарыдан докей уәкіл келіп, шаруашылықтарды аралап жүр. Қасида жергілікті басшылар да бар.

Үстіртте бір шопанның үйіне тоқтап, шөй ішкен. Бір уақытта әлгі уәкіл:

- Мен шәйді вареньмен ішетін едім, - дегені.
- Шопан түсінбей:
- Жолдас уәкіл, варен дегеніңіз баран ба? Оны сойып жатырмыз. Осы шәйдан кейін жейсіз.
- Бәрі күліп жатыр. Қасындағы жергілікті жігіттердің біреуі түсіндірген болады:
- Варенье деген жемістен қайнатылған татті нәрсе. Сонда шопанның әйелі күле сойлап:
- Әй, қайныларым, бізде «варен» деген болмайды, баран бар, айран бар. Ал өдерін жақсы көретін тәттілерің болса, сомкелеріне салып, алып журмейсіңдер ме? Біз де дәмін татар едік.

Әзілдер Сержан Шәкіраттың «Маңғыстау күлкісі» кітабынан алынды.



### Мұнайлы Өлке

Меншік иесі:  
«Манғыстаумұнайгаз» АҚ  
Редактор: Есназар Сұлтанов  
Редакция алқасы: А.Ақшаева  
Л.Жолдыбаева  
Р.Изберген  
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:  
130000, Ақтау қаласы  
6 ш.а., №1 ұй,  
тел:  
211-736, 212-280,  
212-194, 211-938.  
Газет айына 1 рет шығады.  
Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде еселке қойылып, №9675 - Г куәлігі берілген

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді  
Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды  
Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.  
Индексі: 64265  
Таралымы: 2000

«CASPIY PRINT» ЖШС баспаханасында басылды.  
Ақтау қаласы, 22 ш.а.  
тел: 750750  
Телефоны: 4305